

Атбасар қаласында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауға бірыңғай тарифті белгілеу туралы

Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 19 сәуірдегі № а-4/151 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 5 мамырда № 6607 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 19 бабына сәйкес, Атбасар ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Атбасар қаласында барлық маршруттар үшін жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауға бірыңғай тариф белгіленсін 110 (жүз он) теңге мөлшерінде.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Атбасар ауданы әкімдігінің 02.11.2022 № а-10/280 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Атбасар ауданы әкімінің орынбасары Б.Т.Қамбатыровқа жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А.Қалжанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Атбасар аудандық
мәслихаттың хатшысы

Б.А.Борұмбаев

"19" сәуір 2018 жылы